

**«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯЛЫҚ СОТЫНДА**

2025 жылғы 10 қаңтар

№ AIFC-C/CFI/2024/0044 іс

Иванов Алексей Владимирович

Талап қоюшы

қарсы

Саданов Асет Жусупович

Жауапкер

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

Сот Судьясы:

Мәртебелі Лорд Фолкс КС

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

1. 2024 жылғы 10 желтоқсандағы талап арызға сәйкес, Талапкер 2024 жылғы 2 желтоқсанда арбитр Александр Коробейниковпен қабылданған Арбитраждық шешімнің 83-тармағында көзделген шараларды тану және орындау туралы бұйрық шығару жөнінде Сотқа жүгінді. Аталған арбитр 2024 жылғы 15 қазандағы Халықаралық арбитраж орталығы төрағасы Томас Крюммельдің хаты негізінде, МАЦ № 157/2024 арбитраждық ісі шеңберінде тағайындалған.
2. Арбитраждық шешім зерделеніп, талаптың негізділігі анықталғанын ескере отырып, Сот БҰЙРЫҚ ЕТЕДІ:
 - Жеке кәсіпкер Саданов Асет Жусуповичтен (ЖСН 880915350825) Иванов Алексей Владимировичтің (ЖСН 760612300541) пайдасына 2022 жылғы 6 қазандағы №6331 қарыз шарты бойынша негізгі борыш сомасы 3 726 257 (үш миллион жеті жүз жиырма алты мың екі жүз елу жеті) теңге өндірілсін (2024 жылғы 5 тамыздағы ресми айырбас бағамы бойынша 7 851,86 АҚШ долларына баламалы);
 - Жеке кәсіпкер Саданов Асет Жусуповичтен (ЖСН 880915350825) Иванов Алексей Владимировичтің (ЖСН 760612300541) пайдасына 2024 жылғы 2 тамыздан бастап 2024 жылғы 8 қарашаға дейінгі кезең үшін 368 899 (үш жүз алпыс сегіз мың сегіз жүз тоқсан тоғыз) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы, сондай-ақ 2024 жылғы 8 қарашадан бастап негізгі борыш толық өтелген күнге дейін әрбір кешіктірілген күн үшін негізгі борыш сомасының 0,1 пайызы мөлшерінде тұрақсыздық айыбы өндірілсін;
 - Жеке кәсіпкер Саданов Асет Жусуповичтен (ЖСН 880915350825) Иванов Алексей Владимировичтің (ЖСН 760612300541) пайдасына арбитрдің сыйақысын төлеу бойынша 237 285 (екі жүз отыз жеті мың екі жүз сексен бес) теңге мөлшеріндегі шығындар өндірілсін.
3. Жауапкерге осы Бұйрық табыс етілген күннен бастап жеті күн ішінде оны жою туралы өтініш беру құқығы түсіндіріледі.
4. Осы Бұйрық а) жоғарыда көрсетілген 3-тармақта белгіленген мерзім өткенге дейін; немесе б) көрсетілген мерзім ішінде Жауапкер ұсынған өтініш толық қаралып, ол бойынша түпкілікті шешім қабылданғанға дейін (қайсысы кейінірек болса), орындауға жіберілмейді.

Сот қабылдады,

Мәртебелі Лорд Фолкс КС,
Судья, АХҚО Соты

Өкілдік:

Талап қоюшы өз мүдделерін дербес түрде өзі қорғады.

Жауапкер өкілдік етілмеді.